

**«Атбасар қаласы, аграрлық-индустриялық колледж» МКҚК
сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің
№ 2 хаттамасы**

Өткізу уақыты: 10.11.2023 ж

Өткізу орыны: 1 шағын аудан, 12 үй, 203 кабинет

Қатысқандар - 23 сынып жетекшісі

Қатыспағандар - 0

Күн тәртібі:

1. Бейімделу кезеңінің қорытындылары.
2. «Біртұтас тәрбие» тұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру.
3. Мінез-құлықтың девиантты формасы бар білім алушылармен жұмыс нәтижелері.
4. Суицидтың жалпы алдын алу міндеттері.
5. Қараша айына арналған тәрбиелік іс-шаралардың циклограммасы.

Бірінші сұрақ бойынша колледж психологы Т.В.Федорова сөйлеп, қатысушыларды бейімделу кезеңінің қорытындыларымен таныстырып, оқу орнында 15 студент кіретін психологиялық клубтың жұмыс істейтінін атап өтті.

Шешімі: назарға алынсын.

Екінші сұрақ бойынша Т.П.Толқумбекова сөйлеп, тұтас тәрбие бағдарламасы туралы айтып берді. Сөз барысында ол слайдтық презентация көрсетіп, жастарды тәрбиелеу біздің еліміздің Президентінің «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» Ұлттық құрылтайдың екінші сессиясында аталып өткеніне назар аударды. Аталған бағдарламада негізгі үш құндылық белгіленді: Ұлттық мүдде, Ар-ұждан, Ұмтылыс. Бұл құндылықтар патриот, өз елінің азаматы рухында құқықтық және экологиялық мәдениет туралы түсінігі бар, рәміздерді құрметтейтін, өз Отанының тарихын, адалдығын, әділдігін, әдептілігін бағалайтын, өз іс-әрекеттеріне жауапты, үлкендерді құрметтейтін және білімге, адал еңбекке және өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылатын адамды тәрбиелеуді білдіреді. Бұл бағдарлама бүкіл есею кезеңінде тәрбиелеудің үздіксіздігін білдіреді. Сонымен қатар, басымдық бағдарламаның нәтижелеріне және келесілерден тұратын мақсатты индикаторларға берілді:

1. Спортпен айналысу -82%;
2. Студенттік өзін өзі басқару - 35%;
3. Кітап оқушылар - 59%;
4. Әлеуметтік жобаларға қатысу - 20%;
5. «Жеке басының қауіпсіздігі», «Буллингке қарсы мәдениет» іс-шараларына қатысу -50%.

Шешімі: орындалуға қабылданын.

Үшінші сұрақ бойынша әлеуметтік педагог А.С.Алибекова сөйлеп, кураторларды колледжішілік есепте тұрған 14 студенттің тізімімен таныстырды. Сонымен қатар, аталған студенттерді колледждің құқықбұзушылықтың алдын алу Кеңесінде қаралатын куратордың өтінімі бойынша есептен шығаруға болатынын атап өтті.

Шешімі: орындалуға қабылданын.

Төртінші сұрақ бойынша колледж психологы Т.В.Федорова сөйлеп, психологиялық сүйемелдеу тобында 7 адам бар екенін атап өтті. Психологиялық топ құрылып, аталған контингентпен жұмыс әлеуметтік-психологиялық қызметтің жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Шешімі: назарға алынсын.

Бесінші сұрақ бойынша Т.П.Толқумбекова қараша айына арналған іс-шаралар жолспарымен таныстырып, студенттер қатарына қабылдауға баса назар аударды. «Жалпыколледждік іс-шараларға мұқият дайындалу қажет. Алдыңғы «Күзгі бал» іс-шарасында топтардың кураторлары тарапынан кемшіліктер болды, бұл сахнада студенттердің өздерін сенімді ұстамауына, кейде тіпті жоспарланғанды орындауды ұмытып кетуіне әкелді. бұл жалпы залда тәртіптің бұзылуына әкелді. Тоғыз мамандық бойынша топтардың сахнаға шығуын ойластыру қажет.

Одан әрі бүгінгі күнде топ кураторларында болуға құжаттар тізімі аталып өтті:

Сынып жетекшісінің напқасы:

1. Хаттамалар – 3 (Ішкі тәртіп ережелерімен танысу, ЖЖЕ, Президент Жолдауы, ата-аналар жиналысы)
2. Сынып сағаттарының әзірлемелері (11-12)
3. ОТЖ бойынша жоспарлар (айлар бойынша)
4. ТТЖ актілері.

Сынып жетекшісінің журналы

Шешімі: орындалуға алынсын.

Төрайым: Толқумбекова Т.П. 

Хатшы: Жусупова Г.К. 